

**«Прокуратура туралы»
Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша
САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

p/c №	Құрылымдық элемент	Жобаның редакциясы	Ұсынылған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы	Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі	Бас комитеттің шешімі. Негіздеме (қабылданбаған жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1.	Кіріспе	Осы Конституциялық заң прокуратурасының құзыретін, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәртібін айқындайды.	Кіріспедегі «прокуратурасының» деген сөз «Қазақстан Республикасы прокуратурасының» деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының 4-тармағына сәйкес келтіру.	Қабылданды
2.	Жобаның 3-бабының 1-тармағы	3-бап. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары 1. Прокуратура өз өкілеттігін заңдылық, басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан дербестік, Қазақстан Республикасының Президентіне ғана есеп беру қағидаттарында жүзеге асырады.	Жобаның 3-бабының 1-тармағы « есеп беру » деген сөздерден кейін « жариялылық » деген сөзбен толықтырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң жобасының 3-бабының 6-тармағына сәйкес келтіру.	Қабылданды

		...			
3.	Жобаның 3-бабының 4 және 5-тармақтары	<p>3-бап. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары</p> <p>...</p> <p>4. Прокуратура төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынуы негізінде прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесін құрайды.</p> <p>Прокурорлардың бағыныстылығы мыналарды қамтиды:</p> <p>1) жоғары тұрған прокурорлардың төмен тұрған прокуратуралар үшін ұйымдастыру және қызмет мәселелері жөніндегі нұсқауларын орындаудың міндеттілігі болып табылады;</p> <p>2) төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорлар алдындағы қызметтік міндеттерін орындағаны үшін жауаптылығы;</p> <p>3) жоғары тұрған прокурорлардың қажет болған жағдайларда төмен</p>	<p>Жобаның 3-бабының 4 және 5-тармақтары алып тасталсын.</p> <p><i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін</i></p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>«Прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметінің қағидаттары» жобасының 3-бабының тақырыбына сәйкес келтіру мақсатында жобаның 5-бабында «Прокуратура органдарының жүйесі» жобасы көзделсін.</p>	Қабылданды

		<p>тұрған прокурорлардың өкілеттіктерін жүзеге асыруы;</p> <p>4) төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорлар актілерінің күшін жою, оларды кері қайтарып алу, тоқтата тұру немесе өзгерту;</p> <p>5) жоғары тұрған прокурорлардың төмен тұрған прокурорлардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), актілеріне жасалған шағымдарды шешуіне құқығы бар.</p> <p>5. Бас Прокурор осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен төмен тұрған прокурорларға бағынудың өзге де нысандарын белгілеуі мүмкін.</p>			
4.	Жобаның 3-бабының 6-тармағы	<p>3-бап. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары</p> <p>...</p> <p>6. Прокуратура органдары адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңдардың талаптарына</p>	<p>Жобаның 3-бабының 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«6. Прокуратура органдары адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңдарының</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заң техникасы.</p> <p>Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ғ.А. Елеуов</p> <p>Ұсынылып отырған өзгеріс қолданыстағы Прокуратура туралы Заңның 3-бабы 5-</p>	Қабылданды

		қайшы келмейтіндей шамада жария қағидасы негізінде әрекет етеді.	талаптарына қайшы келмейтіндей шамада жария түрде әрекет етеді.».	тармағының редакциясында жазылған. Мұндай тәсіл практикада проблемалар туғызбайды, өйткені мемлекеттік органның ашықтық шегі заңнамамен (Мемлекеттік құпиялар, қолжетімділігі шектеулі қызметтік ақпарат, банктік, коммерциялық құпия, жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа Конституциялық кепілдіктер және т.б.) айқындалған.	
5.	Жобаның 3-бабының 7-тармағы	3-бап. Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің қағидаттары ... 7. Прокуратура органдары қадағалауды жүзеге асыру кезінде өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды.	Жобаның 3-бабының 7-тармағы алып тасталсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметінің қағидаттары» жобасының 3-бабының тақырыбына сәйкес келтіру мақсатында «Прокуратура органдарының құзыреті» жобасының 6-бабында көздеу қажет.	Қабылданды
6.	Жобаның 4-бабының 1-тармағы	4-бап. Прокуратураның мақсаттары мен міндеттері Прокуратура құқық қорғау жүйесінің өзегі бола отырып, адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары	Өзгеріс орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Бапта басқа тармақтар жоқ. Заң техникасы.	Қабылданды

		құндылықтары ретінде қорғау, заңның үстемдігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықты нығайту мақсатында мынадай: ...			
7.	Жобаның 5-бабының жаңа 1 және 2-тармақтары	5-бап. Прокуратура органдарының жүйесі 1. Прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, оған бағынысты ведомстволар, білім беру ұйымы, әскери және көлік прокуратурасының, облыстардың прокуратуралары мен оларға теңестірілген (Республикалық маңызы бар қалалардың және Қазақстан Республикасы астанасының прокуратуралары) прокуратуралар, аудандар прокуратуралары мен оларға теңестірілген (қала, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған прокуратуралар) прокуратуралардың органдары құрайды. 2. Прокуратура ведомстволарын, мекемелерін,	Жобаның 5-бабы мынадай редакцияда жазылсын: «5-бап. Прокуратура органдарының жүйесі 1. Прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, оған бағынысты ведомство, білім беру ұйымы, әскери және көлік прокуратурасының органдары, облыстардың прокуратуралары және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокуратуралар, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралар құрайды. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделмеген	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Прокуратура органдарын ұйымдастыру және олардың қызметінің қағидаттары» жобасының 3-бабынан бұл нормаларды алып тастауға байланысты. Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті 1-тармақ бойынша: заң техникасы. 2-тармақ бойынша: Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 41-бабына сәйкес келтіру. Заң техникасы.	Қабылданды

		<p>білім беру ұйымын құру, қайта ұйымдастыру және тарату, олардың мәртебесі мен құзыретін айқындау заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.</p> <p>3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес прокуратура органдарының қызметін қамтамасыз ету мақсатында өзге де ұйымдар құрылуы мүмкін.</p> <p>4. Прокуратура органдарының өз нышандары болады, олардың сипаттамасын Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры бекітеді.</p>	<p>өзге де прокуратура органдары құрылуы мүмкін.</p> <p>2. Прокуратура органдарының қызметі төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорларға және Бас Прокурорға бағынуы негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Прокурорлардың бағыныстылығы мыналарды қамтиды:</p> <p>1) төмен тұрған прокуратуралар үшін жоғары тұрған прокурорлардың ұйымдастыру және қызмет мәселелері жөніндегі нұсқауларын орындау міндеттілігі;</p> <p>2) төмен тұрған прокурорлардың жоғары тұрған прокурорлар алдында қызметтік міндеттерін орындағаны үшін жауапты болуы;</p> <p>3) жоғары тұрған прокурорлардың қажет болған жағдайларда төмен тұрған прокурорлардың өкілеттіктерін жүзеге асыруы;</p> <p>4) жоғары тұрған прокурорлардың төмен тұрған прокурорлар актілерінің күшін жоюы, оларды кері қайтарып алуы, тоқтата тұруы немесе өзгертуі;</p>		
--	--	--	--	--	--

			<p>5) жоғары тұрған прокурорлардың төмен тұрған прокурорлардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), актілеріне жасалған шағымдарды шешуі.</p> <p>3. Бас Прокурор осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен төмен тұрған прокурорлар бағыныстылығының өзге де нысандарын белгілеуі мүмкін.</p> <p>4. Қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокуратура органдары өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмайды.</p> <p>5. Прокуратура ведомствосын, мекемелерін, білім беру ұйымын құру, қайта ұйымдастыру және тарату, олардың мәртебесі мен құзыретін айқындау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.</p> <p>6. Прокуратура органдарының қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ұйымдар құрылуы мүмкін.</p> <p>7. Прокуратура органдарының өз нышандары болады, олардың сипаттамасын Бас Прокурор бекітеді.».</p>		
--	--	--	---	--	--

8.	<p>Жобаның 6-бабының 1) тармақшасы</p>	<p>6-бап. Прокуратура органдарының құзыреті Прокуратура органдары жүктелген міндеттер шегінде: 1) осы Конституциялық заңға және өзге де заң актілеріне сәйкес заңдылықты жоғары қадағалау:</p>	<p>Жобаның 6-бабының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес:».</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заң техникасы.</p>	<p>Қабылданды</p>
9.	<p>Жобаның 6-бабының 6) тармақшасы</p>	<p>6-бап. Прокуратура органдарының құзыреті Прокуратура органдары жүктелген міндеттер шегінде: ... 6) Құқық қорғау органдары кадрларын даярлау және олардың кәсіптік деңгейін арттыру, сондай-ақ білім беру және ғылыми қызмет болып табылады;</p>	<p>Жобаның 6-бабының 6) тармақшасы алып тасталсын.</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Конституцияның 83-бабында прокуратура органдарының міндеттері - заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалау, сотта мемлекет мүддесін білдіру және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру айқындалған.</p> <p>Жобада сондай-ақ прокуратураның мақсаттары мен міндеттері айқындалған, онда құқық қорғау органдары кадрларының кәсіби деңгейін дайындау және арттыру бойынша міндеттер, сондай-ақ білім беру және ғылыми қызмет жоқ.</p> <p>Осыған байланысты осы өкілеттіктерді прокуратура органдарының негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін ретінде алып тастау</p>	<p>Қабылданды</p>

				ұсынылады.	
10.	Жобаның 6-бабының 7) тармақшасы	6-бап. Прокуратура органдарының құзыреті Прокуратура органдары жүктелген міндеттер шегінде: ... 7) заңдарда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де құзыретке ие болады.	Жобаның 6-бабының 7) тармақшасындағы «заңдарда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын» деген сөздер «Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделетін» деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы.	Қабылданды
11.	Жобаның 7-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы	7-бап. Бас прокуратура ... 2. Бас прокуратура: 1) прокуратура органдарының функцияларын тиімді орындауды қамтамасыз ету мақсатында прокуратура органдарының қызметін ұйымдастырады және үйлестіреді;	Жобаның 7-бабы 2-тармағының 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «1) прокуратура органдарының функцияларын тиімді орындауды қамтамасыз ету мақсатында өздеріне жүктелген функциялары мен өкілеттіктері шегінде прокуратура органдарының қызметін ұйымдастырады және үйлестіреді;»	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Прокуратура органдары түрлі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады. Тиісінше, олардың қызметін Бас прокуратураның ұйымдастыруы мен үйлестіруі де жүктелген функциялар мен өкілеттіктер шегінде жүзеге асырылуға тиіс.	Қабылданды
12.	Жобаның 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасы	7-бап. Бас прокуратура ... 3. Бас прокуратура: ... 3) прокуратура қызметін жетілдіреді;	Жобаның 2-бабының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «3) прокуратура органдарының қызметін жетілдіреді;».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Редакциялық түзету.	Қабылданды

13.	Жобаның 7-бабы 2-тармағының 6) және 7) тармақшалары	7-бап. Бас прокуратура ... 4. Бас прокуратура: ... 6) заңнамада белгіленген шектерде жедел-іздігіру, қарсы барлау қызметін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, оның ішінде жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын органдармен өзара іс-қимыл жасайды; 7) заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.	Жобаның 7-бабының 2-тармағында: 6) тармақшадағы «заңнамада» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңнамасында» деген сөздермен ауыстырылсын; 7) тармақшадағы «заңдармен» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңдарында» деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы.	Қабылданды
14.	Жобаның 8-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы	8-бап. Бас Прокурор және оның орынбасарлары 1. Бас Прокурор: 1) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасының Президентімен бес жыл мерзімге қызметке тағайындалады; ...	Жобаның 8-бабы 1-тармағының 1) тармақшасындағы « Парламент » деген сөз « Қазақстан Республикасы Парламенті » деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың атаулары ресми атауына сәйкес толық және бүкіл мәтін бойынша бірізді жазылады.	Қабылданды
15.	Жобаның 8-бабы 1-	8-бап. Бас Прокурор және оның орынбасарлары	Жобаның 8-бабы 1-тармағының 4) тармақшасындағы	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті	Қабылданды

	тармағы-ның 4) тармақ-шасы	<p>1. Бас Прокурор: ...</p> <p>4) өзінің өкілеттік мерзімі ішінде, қылмыс орнында ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайларды қоспағанда, оны Сенаттың қолсұғылмаушылықтан айыруға берген келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібінде жүктелетін әкімшілік жазаға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.</p>	«өзінің өкілеттік мерзімі ішінде, қылмыс орнында ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайларды қоспағанда, оны Сенаттың қолсұғылмаушылықтан айыруға берген» деген сөздер «қылмыс орнында ұстап алынған немесе ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, өз өкілеттіктері мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының » деген сөздермен ауыстырылсын.	«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың атаулары ресми атауына сәйкес толық және бүкіл мәтін бойынша бірізді жазылады.	
16.	Жобаның 8-бабының 3-тармағы	<p>8-бап. Бас Прокурор және оның орынбасарлары ...</p> <p>3. Бас Прокурордың бірінші орынбасары мен орынбасарларын Бас Прокурордың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.</p>	Жобаның 8-бабының 3-тармағындағы «Бас Прокурордың ұсынуы бойынша» деген сөздер алып тасталсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті ҚІЖК-нің 551-бабына сәйкес Бас прокурорға қатысты сотқа дейінгі іс жүргізу Бас Прокурордың бірінші орынбасарының келісімімен жүргізіледі. Осыған байланысты Бас прокурордың бірінші орынбасары үлестес тұлға болмауы тиіс. Бұдан басқа, «Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» 2002 жылғы 29	Қабылданды

				<p>наурыздағы № 828 Жарлықпен қандай да бір лауазымды адам тағайындалатыны, ұсынылатыны, келісілетіні белгіленген мемлекеттік саяси қызметшілер және өзге де лауазымды адамдар лауазымдарының тізбесі айқындалды.</p> <p>Осыған байланысты Бас Прокурорға оның бірінші орынбасары мен орынбасарларын ұсыну жөніндегі өкілеттіктер беру Президенттің мұндай адамдарды өз бетінше тағайындау жөніндегі өкілеттіктерін шектейді.</p>	
17.	Жобаның 9-бабының 1-тармағы	9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері 1. Бас Прокурор: ...	9-баптағы 1-тармақтың нөмірленуі алып тасталсын.	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Бапта басқа тармақтар жоқ. Заң техникасы.</p> <p>Депутат Ғ.А. Елеуов</p> <p>9-бапта пунктуацияны алып тастау ұсынылады, өйткені ол тек бір тармақтан тұрады. Заң техникасы. .</p>	Қабылданды
18.	Жобаның 9-бабы 1-тармағы-	9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері 1. Бас Прокурор:	Жобаның 9-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p>	Қабылданды

	ның 2) тармақшасы	... 2) прокуратура органдарының бүкіл жүйесінің қызметіне басшылық жасайды, оның негізгі басымдықтарын ұйымдастырады және айқындайды;	«2) прокуратура органдарының бүкіл жүйесінің қызметіне басшылық жасайды;».	«Басымдықтар» деген сөз «мақсаттар мен міндеттер» деген сөздермен бірдей. Алайда мақсаттар мен міндеттер жобада анықталған. Сонымен қатар, кейбір міндеттер (басымдықтар) прокуратура органдарының басқа міндеттерінен (басымдықтарынан) басым болмауға тиіс. Мұндай жұмыс кешенді түрде құрылуы тиіс. Сонымен қатар, «негізгі басымдықтарды ұйымдастыру» мүмкін емес.	
19.	Жобаның 9-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы	9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері 1. Бас Прокурор: ... 3) Қазақстан Республикасының Президентіне Бас прокуратура туралы ережені, прокуратура органдарының жалпы штат санын бекіту, ведомстволарды, прокуратура органдарының білім беру ұйымдарын құру, тарату және қайта ұйымдастыру туралы ұсыныстар енгізеді;	Жобаның 9-бабы 1-тармағының 3) тармақшасындағы «жалпы штат санын бекіту, ведомстволарды, прокуратура органдарының білім беру ұйымдарын құру, тарату және қайта ұйымдастыру» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Президентіне Бас прокуратура, туралы ережені, оның құрылымын, прокуратура органдарының жалпы штат саны бекіту» деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Президент туралы» Конституциялық заңның 17-1-бабына сәйкес Президент Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының ұсыныстары бойынша осы мемлекеттік органдар туралы ережелерді, олардың құрылымы мен жалпы штат санын бекітеді.	Қабылданды
20.	Жобаның 9-бабының 1-тармағы	9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері 1. Бас Прокурор:	Жобаның 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті	Қабылданды

		<p>... 4) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен прокуратура органдары штат санының лимиті шегінде, еңбек шарты бойынша қызметкерлерді қоспағанда, прокуратура органдарындағы прокурорлардың және өзге де қызметкерлердің штат санын белгілейді;</p> <p>...</p>	<p>«4) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен, прокуратура органдары штат санының лимиті шегінде прокурорлардың және прокуратура органдарындағы өзге де қызметкерлердің штат санын белгілейді;».</p>	<p>Заң жобасының 9-бабының 3) тармақшасына сәйкес келтіру. Бюджет кодексінің 53-бабына сәйкес республикалық бюджеттен қаржыландырылатын орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің шығыстары заттай нормалар ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Президенті және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін штат санының лимиттері негізінде жоспарланады. Жобада Бас прокурорға прокурорлардың және прокуратура органдарындағы өзге де қызметкерлердің штат санын белгілеу жөніндегі өкілеттіктер берілген. Бюджет кодексінің нормаларын және бюджет шығыстарын жоспарлау қажеттілігін ескере отырып, штат санын бірінші басшы, оның ішінде еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдарға қатысты да бекітуге тиіс. Сонымен қатар, жобада Бас прокурорға тек прокурорлардың ғана емес, сонымен қатар прокуратура органдарындағы басқа да қызметкерлердің</p>	
--	--	---	--	--	--

				штаттық санын белгілеу бойынша өкілеттіктер берілген, олардың қатарына еңбек шарты бойынша қабылданған қызметкерлер де қосылуы мүмкін.	
21.	Жобаның 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы	9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері 1. Бас Прокурор: ... 5) Қазақстан Республикасының Президентіне ведомстволардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы ұсыныс енгізеді; ...	Жобаның 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасындағы «ведомстволардың басшыларын» деген сөздер «прокуратура органы ведомствосының басшысын» деген сөздермен ауыстырылсын. мынадай редакцияда жазылсын:	<p>Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ж.Ә. Ахметбеков Б.А. Бекжанов Ғ.А. Елеуов М.С. Елюбаев А.М. Жамалов Ю.В. Жулин В.Г. Набиев Б.С. Оспанов А.Ә. Сарым</p> <p>Редакциялық түзету.</p>	Қабыл-данды
22.	Жобаның 9-бабының 1-тармағы	9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері 1. Бас Прокурор: ... 6) Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен білім беру ұйымының басшысын, Бас әскери прокурорды, Бас көлік прокурорын, облыстардың прокурорларын және оларға теңестірілген прокурорларды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;	Жобаның 9-бабының 1-тармағында: 6) тармақша «теңестірілген» деген сөзден кейін «(республикалық маңызы бар қалалардың және астананың)» деген сөздермен толықтырылсын; 7) тармақшадағы «атақтарын» деген сөз «атақтарды» деген сөзбен ауыстырылсын; 10) тармақша «теңестірілген» деген сөзден кейін «(республикалық маңызы бар	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>6) тармақша бойынша Заң жобасының 5-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.</p> <p>7) тармақша бойынша «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру.</p>	Қабыл-данды

		<p>7) прокурорларды және прокуратура органдарының өзге де қызметкерлерін, зейнеткерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға және құрметті атақтарын беруге ұсынады, оларды ведомстволық наградалармен наградтайды;</p> <p>...</p> <p>10) Бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстардың және оларға теңестірілген прокуратуралардың жанынан құрылатын үйлестіру кеңестері туралы ережелерді бекітеді;</p> <p>11) Бас Прокурордың заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде тікелей көзделген өкілеттіктерін қоспағанда, прокуратура органдары жүйесінде өз өкілеттіктерін беретін лауазымды адамдарды айқындайды;</p> <p>...</p> <p>13) ведомстволардың, білім беру ұйымдарының, Бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстар және оларға теңестірілген прокуратуралардың, аудандық</p>	<p>қалалардың және астананың)» деген сөздермен толықтырылсын;</p> <p>11) тармақшадағы «заңда» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңдарында» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«13) ведомствоның, білім беру ұйымының, әскери және көлік прокуратуралары органдарының, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокуратуралардың, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокуратуралардың, сондай-ақ прокуратура органдарының жүйесіне кіретін мемлекеттік мекемелер мен өзге де ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылымдарын бекітеді;»;</p> <p>15) тармақшадағы «прокуратура органдары жүйесінің барлық прокурорлары мен өзге де қызметкерлерінің» деген сөздер «барлық прокурорлар мен өзге</p>	<p>10) тармақша бойынша Заң жобасының 5-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.</p> <p>11) тармақша бойынша Норманың құқықтық мазмұнын нақтылау.</p> <p style="text-align: center;">Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ж.Ә. Ахметбеков Б.А. Бекжанов Ғ.А. Елеуов М.С. Елюбаев А.М. Жамалов Ю.В. Жулин В.Г. Набиев Б.С. Оспанов А.Ә. Сарым</p> <p>13) тармақша бойынша Заң жобасының 5-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.</p> <p>15) тармақша бойынша Заң жобасының 44-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.</p> <p>16) тармақша бойынша Қазақстан Республикасы Конституциясының 71-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.</p>	
--	--	---	---	--	--

		<p>және оларға теңестірілген прокуратуралардың, сондай-ақ прокуратура органдарының жүйесіне кіретін мемлекеттік мекемелер мен өзге де ведомстволық бағынысты ұйымдардың құрылымдарын бекітеді;</p> <p>...</p> <p>15) прокуратура органдары жүйесінің барлық прокурорлары мен өзге де қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар, өкімдер шығарады, прокуратураны ұйымдастыру мен оның қызметі мәселелерін реттейтін ережелерді, нұсқаулықтарды, регламенттерді және өзге де құқықтық актілерді бекітеді;</p> <p>16) Конституцияның 72-бабының 4-тармағына сәйкес Конституциялық сотқа жүгінеді;</p>	<p>де қызметкерлердің» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>16) тармақшадағы «Конституциялық сотқа» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>		
23.	<p>Жобаның 9-бабы 1-тармағының 18) тармақшасы</p>	<p>9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері</p> <p>1. Бас Прокурор:</p> <p>...</p> <p>18) Жоғарғы сотқа азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істер және әкімшілік құқық бұзушылықтар істер</p>	<p>Жобаның 9-бабы 1-тармағының 18) тармақшасында:</p> <p>«Жоғарғы сотқа» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына» деген сөздермен ауыстырылсын;</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>«Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 3-бабына сәйкес келтіру.</p>	<p>Қабылданды</p>

		бойынша сот практикасының мәселелері бойынша соттарға түсіндірме беру туралы ұсыныспен жүгінеді;	өзгеріс орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.	Редакциялық түзету. Депутат Ғ.А. Елеуов «Қылмыстық» пен «әкімшілік» деген сөздердің арасына үтір қою керек, өйткені бұл бір «қылмыстық әкімшілік» емес екі әртүрлі іс.	
24.	Жобаның 9-бабы 1-тармағының 19) тармақшасы	9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері 1. Бас Прокурор: ... 19) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік, азаматтық процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен сот актісінің орындалуын тоқтата тұрады;	Жобаның 9-бабы 1-тармағының 19) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «19) Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген тәртіппен сот актісінің орындалуын тоқтата тұрады;».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Жобаның 10-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына ұқсас, онда «процестік заңнамада көзделген» деп жазылған.	Қабылданды
25.	Жобаның 9-бабы 1-тармағының 20) тармақшасы	9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері 1. Бас Прокурор: ... 20) қылмыстық қудалаудан артықшылықтары немесе иммунитеті бар адамдарға қол сұғылмаушылығынан айыруға және әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін ұсыну енгізеді;	Жобаның 9-бабы 1-тармағының 20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «20) Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолсұғылмаушылық құқығы бар адамдарды одан айыру және әкімшілік, қылмыстық жауаптылыққа тарту	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Конституцияның 57-бабына сәйкес Парламент Палаталарының әрқайсысы Бас Прокурордың ұсынуы бойынша Палаталардың депутаттарын оларға қолсұғылмаушылық жөніндегі құқығынан айыру мәселелерін дербес шешеді. Осыған байланысты ұсыныста	Қабылданды

			мәселелері бойынша ұсыныс енгізеді;».	адамның әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы ақпарат болуға тиіс, онда Конституцияда көзделгендей, адамды қолсұғылмаушылықтан айыру туралы мәселе де қойылады.	
26.	Жобаның 9-бабы 1-тармағының 21) тармақшасы	9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері 1. Бас Прокурор: ... 21) заңда көзделген жағдайларда жедел-іздігіру, қарсы барлау қызметі және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді келіседі;	Жобаның 9-бабы 1-тармағының 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «21) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда сотқа дейінгі тергеп-тексеру , жедел-іздігіру, қарсы барлау қызметінің және жасырын тергеу әрекеттері мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді келіседі;».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті ҚІЖК-нің 58-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органдардың нормативтік құқықтық актілері өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісу бойынша қабылданады. Заң техникасы.	Қабылданды
27.	Жобаның 9-тармағы 1-тармағының 22) тармақшасы	9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері 1. Бас Прокурор: ... 22) келесі мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдайды: ... анықтауды, тергеуді, жедел-іздігіру қызметін жүзеге асыратын органдардың орындауы үшін міндетті қылмыстық іс жүргізу	Жобаның 9-бабының 1-тармағында: 22) тармақшада: бесінші абзацтағы «анықтауды, тергеуді, жедел-іздігіру қызметін жүзеге асыратын органдардың орындауы үшін міндетті қылмыстық іс жүргізу заңнамасының, жедел-іздігіру қызметі туралы заңнаманың» деген сөздер « Қазақстан Республикасы қылмыстық іс жүргізу	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Бесінші абзац бойынша Заң техникасы. Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ж.Ә. Ахметбеков Б.А. Бекжанов Ғ.А. Елеуов М.С. Елюбаев А.М. Жамалов	Қабылданды

		<p>заңнамасының, жедел-іздігіру қызметі туралы заңнаманың нормаларын қолдану;</p> <p>...</p> <p>құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру, қол жеткізу, пайдалану, сақтау, қорғау және жою;</p> <p>...</p> <p>Қазақстан Республикасының Президенті және (немесе) оның келісімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен тағайындалатын лауазымдарды қоспағанда, прокурорларды және прокуратура органдары жүйесінің өзге де қызметкерлерін қызметке тағайындау және қызметтен босату;</p>	<p>заңнамасының, Қазақстан Республикасының жедел-іздігіру қызметі туралы заңнамасының» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>жетінші абзацтағы «қалыптастыру» деген сөз «қалыптастыру тәртібін айқындау» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>сегізінші абзацтағы «прокуратура органдары жүйесінің өзге де қызметкерлерін» деген сөздер «өзге де қызметкерлерді» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>	<p>Ю.В. Жулин В.Г. Набиев Б.С. Оспанов А.Ә. Сарым</p> <p>Алтыншы абзац бойынша Ұсынылып отырған өзгеріс Нұсқаулықтың орнына Қағидаларды қабылдау үшін редакцияда жазылған, өйткені бүгінгі күні Бас Прокурордың 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 151 бұйрығымен бекітілген құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесін пайдалану қағидалары қолданылады.</p> <p>Сегізінші абзац бойынша Заң жобасының 44-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.</p>	
28.	<p>Жобаның 9-тармағы 1-тарамығының 23) және 24) тармақшалары</p>	<p>9-бап. Бас Прокурордың өкілеттіктері</p> <p>1. Бас Прокурор:</p> <p>...</p> <p>23) осы Конституциялық заңға, өзге де заң актілеріне және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес</p>	<p>Жобаның 9-бабының 1-тармағында:</p> <p>23) тармақшадағы «өзге де заң актілеріне» деген сөздер «Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>24) тармақшадағы «заңдармен және Қазақстан</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заң техникасы.</p>	<p>Қабылданды</p>

		<p>басқа да нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;</p> <p>24) өзіне заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.</p>	<p>Республикасы Президентінің актілерімен берілген» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>		
29.	<p>Жобаның 10-тармағы 1-тарамығының 2) тармақшасы</p>	<p>10-бап. Прокурордың өкілеттіктері</p> <p>1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес:</p> <p>...</p> <p>2) осы Конституциялық Заңда және өзге де заңдарда, сондай-ақ Бас Прокурор айқындайтын тәртіпшен прокуратура актілерін енгізуге құқылы;</p>	<p>Жобаның 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасындағы «өзге де заңдарда» деген сөздер «Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заң техникасы.</p>	<p>Қабылданды</p>
30.	<p>Жобаның 10-тармағы 1-тарамығының 3) тармақшасы</p>	<p>10-бап. Прокурордың өкілеттіктері</p> <p>2. Прокурор өз құзыретіне сәйкес:</p> <p>...</p> <p>3) Конституцияға, заңдарға және Президенттің актілеріне қайшы келетін Үкіметтің, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелер мен олардың лауазымды</p>	<p>Жобаның 10-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«3) Үкіметтің, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің және олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және Қазақстан Республикасы</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Жобада тексерулер жүргізілгеннен және лауазымды адамдардың актілері мен әрекеттеріне өтініштер қаралғаннан кейін наразылықтар келтіру мәселелері реттеледі.</p> <p>Жобада мұндай наразылықтар әкелудің шектері мен нысандары белгіленген. Мысалы, заңнамалық актілер, Қазақстан</p>	<p>Қабылданды</p>

		<p>адамдарының құқықтық актілеріне наразылық келтіруге;</p>	<p>Президентінің актілеріне қайшы келетін құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіруге;».</p>	<p>Республикасы Президентінің актілері наразылық білдіруге жатпайды.</p> <p>Осыған байланысты наразылықтар заңдарда белгіленген шектер мен нысандарда ғана енгізілетінін заң жүзінде белгілеу қажет.</p> <p>Мысалы, бұл қылмыстық-процестік немесе азаматтық-процестік кодекстер шеңберінде наразылық енгізу құқығын береді.</p>	
31.	<p>Жобаның 10-тармағы 1-тарамының 4) тармақшасы</p>	<p>10-бап. Прокурордың өкілеттіктері</p> <p>3. Прокурор өз құзыретіне сәйкес:</p> <p>...</p> <p>4) егер меншік нысанына қарамастан ұйымдардың Конституцияға, заңдарға және Президенттің актілеріне қайшы келетін актілеріне физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдар, кәмелетке толмаған адамдар, сондай-ақ шектелмеген адамдар тобы</p>	<p>Жобаның 10-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«4) меншік нысанына қарамастан ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келетін актілеріне, егер бұл актілер физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, сондай-ақ шектелмеген адамдар қатарына қатысты болса, Қазақстан</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Жобада тексерулер жүргізілгеннен және лауазымды адамдардың актілері мен әрекеттеріне өтініштер қаралғаннан кейін наразылықтар келтіру мәселелері реттеледі.</p> <p>Жобада мұндай наразылықтар әкелудің шектері мен нысандары белгіленген. Мысалы, заңнамалық актілер, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері наразылық білдіруге жатпайды.</p> <p>Осыған байланысты наразылықтар заңдарда белгіленген шектер мен нысандарда ғана енгізілетінін заң</p>	<p>Қабылданды</p>

		қатысты болса, наразылық келтіруге;	Республикасының заңдарында белгіленген шектерде наразылық білдіруге;».	жүзінде белгілеу қажет. Мысалы, бұл қылмыстық-процестік немесе азаматтық-процестік кодекстер шеңберінде наразылық енгізу құқығын береді. Заң техникасы.	
32.	Жобаның 10-тармағы 1-тарамының 5) тармақшасы	10-бап. Прокурордың өкілеттіктері 1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес: ... 5) тыйым салу немесе шектеу сипатындағы заңсыз шаралардың күшін жоюды талап етуге, негіздер болған кезде және заңда көзделген тәртіппен заңсыз актінің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұруға құқылы;	Жобаның 10-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «5) Қазақстан Республикасының заңында көзделген негіздер болған кезде және тәртіппен, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды, заңсыз актінің қолданысын толығымен немесе ішінара тоқтата тұруды талап етуге;».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы. Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ж.Ә. Ахметбеков Б.А. Бекжанов Ғ.А. Елеуов М.С. Елюбаев А.М. Жамалов Ю.В. Жулин В.Г. Набиев Б.С. Оспанов А.Ә. Сарым Мемлекет басшысының азаматтар мен бизнестің проблемаларын тиімді шешуге прокурорлық қадағалауды қайта бағдарлау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде (ЖҰЖ-ның 110-тармағы) прокурорлық	Қабылданды

				<p>қадағалаудың жаңа актісі тыйым салу не шектеу сипатындағы шаралардың күшін жою туралы қаулы енгізілді.</p> <p>«Прокуратура туралы» Заңның қолданыстағы редакциясына сәйкес (44-баптың 1-тармағының 8-тармақшасы) прокурордың құзыретіне тыйым салу не шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жою талабы жатқызылған.</p> <p>Бұл норма сондай-ақ жобаның 26-бабының 4-тармағына сәйкес келеді, оған сәйкес прокурордың талаптары жекелеген жағдайларда дереу орындалуға тиіс.</p> <p>«Прокуратура туралы» Заңның қолданыстағы редакциясында да осыған ұқсас, бұл тыйым салу не шектеу сипатындағы заңсыз шаралардың азаматтар мен бизнес субъектілеріне тұтас алғанда және жеке алғанда қоғам мүдделеріне елеулі және жиі орны толмас зардаптар әкелетіндігіне байланысты болып отыр.</p>	
33.	Жобаның 10-тармағы 1-тарамығының 7)	10-бап. Прокурордың өкілеттіктері 1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес: ...	Жобаның 1-бабының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «7) зандылықтың сақталуын тексеруге қатысуға	<p align="center">Депутат Ғ.А. Елеуов</p> <p>Бұл норма прокурордың өкілеттіктеріне жатпайды және</p>	Қабыл-данды

	тармақшасы	7) прокурордың талап етуі бойынша органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар тексеруге және қорытынды беруге қатысу үшін мамандар бөлуге міндетті;	және қорытынды беруге өзге де органдар мен ұйымдардың мамандарын тартуға міндетті;».	оның құқығы болып табылмайды. Бұл бапта прокурордың тексеруге қатысу және қорытынды беру үшін мамандарды тарту құқығы туралы ғана айтуға болады. Ұйымдардың тексеруге және қорытынды беруге қатысу үшін мамандар бөлу міндетіне келетін болсақ, мұндай норманы заң жобасының 26-бабында көрсету қажет (төмендегі түзетуді қараңыз).	
34.	Жобаның 10-тармағы 1-тарамының 8) тармақшасы	10-бап. Прокурордың өкілеттіктері 1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес: ... 8) қауіпсіздікті және қадағалау қызметін қамтамасыз ету үшін тексерулерді жүзеге асыруға басқа да құқық қорғау органдардың қызметкерлерін тартуға құқылы;	Жобаның 10-бабының 1-тармағының 8) тармақшасында: « тексерулерді » деген сөз « заңдылықтың сақталуын тексеруді » деген сөздермен ауыстырылсын; « қызметкерлерін » деген сөзден кейін « Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен » деген сөздермен толықтырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң жобасының 18-бабына сәйкес келтіру. Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ж.Ә. Ахметбеков Б.А. Бекжанов Ғ.А. Елеуов М.С. Елюбаев А.М. Жамалов Ю.В. Жулин В.Г. Набиев Б.С. Оспанов А.Ә. Сарым «Прокуратура туралы» қолданыстағы Заңға сәйкес (44-	Қабылданды

				<p>баптың 1-тармағының 2), 6), 10) тармақшалары) материалдарды талап ету, ақпараттық ресурстардағы мәліметтерге қол жеткізу, тексерулер, актілерді талдау, бағалау және өтініштерді қарау шеңберінде ақпарат пен материалдарға қол жеткізу тәртіптері заңнамада айқындалады.</p> <p>Прокурорлық қадағалауды жүзеге асырудың осы, сондай-ақ өзге де нақтылануы (ҚК, ҚДЖК, ӘҚБтК, АПБК, АҚ, АІЖК, ҚАК реттейтін жағдайларды қоспағанда) Бас Прокурордың бұйрығы деңгейінде реттеледі (НҚА болып табылады).</p>	
35.	<p>Жобаның 10-тармағы 1-тармағының 9) тармақшасы</p>	<p>10-бап. Прокурордың өкілеттіктері</p> <p>1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес:</p> <p>...</p> <p>9) жүргізілетін тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді және қаралып отырған өтінішті бағалау мәселелері бойынша лауазымды тұлғалардан, жеке тұлғалардан және заңды тұлғалардың өкілдерінен</p>	<p>Жобаның 10-бабы 1-тармағының 9) тармақшасы «жүргізілетін» деген сөздің алдынан «заңдылықтың сақталуына» деген сөздермен толықтырылсын.</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заң жобасының 18-бабына сәйкес келтіру.</p>	<p>Қабылданды</p>

		түсіндірмелер шақыруға және алуға;			
36.	Жобаның 10-тармағы 1-тарамығының 10), 11), 12) тармақшалары	<p>10-бап. Прокурордың өкілеттіктері</p> <p>1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес:</p> <p>...</p> <p>10) жүргізілетін тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау, сондай-ақ өтінішті қарау мәселелері бойынша ақпаратты, материалдар мен құжаттарды, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді, атқарушылық іс жүргізуді заңда белгіленген тәртіпті сақтай отырып, талап етіп алдыруға және алуға;</p> <p>11) дербес деректерді және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөнінде белгіленген талаптарды сақтай отырып, ақпаратқа, мәліметтер мен құжаттарға, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге, атқарушылық іс жүргізулерге және өзге де материалдарға, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен өзге де мемлекеттік органдар мен</p>	Жобаның 10-бабы 1-тармағының 10), 11) және 12) тармақшаларындағы « заңда » деген сөз « Қазақстан Республикасының заңнамасында » деген сөздермен ауыстырылсын.	<p>Депутаттар</p> <p>Г.Қ. Бижанова</p> <p>Ж.Ә. Ахметбеков</p> <p>Б.А. Бекжанов</p> <p>Ғ.А. Елеуов</p> <p>М.С. Елюбаев</p> <p>А.М. Жамалов</p> <p>Ю.В. Жулин</p> <p>В.Г. Набиев</p> <p>Б.С. Оспанов</p> <p>А.Ә. Сарым</p>	Қабылданды

		<p>ұйымдардың ақпараттық жүйелері мен ресурстарына заңда белгіленген тәртіппен қол жеткізуге;</p> <p>12) қадағалау қызметін жүзеге асыру барысында заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, тіркеудің техникалық құралдарын қолдануға құқылы;</p>		(НҚА болып табылады).	
37.	<p>Жобаның 10-бабы 1-тармағының 13) тармақшасы</p>	<p>10-бап. Прокурордың өкілеттіктері</p> <p>1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес:</p> <p>...</p> <p>13) лауазымды адамдар мен өзге де адамдардың өтініштерін қарау, тексерулер жүргізу шеңберінде, егер олар адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін болса, актілерін, іс-қимылдарын үш жұмыс күніне дейінгі мерзімде тоқтата тұруға міндетті;</p>	<p>Жобаның 10-бабы 1-тармағының 13) тармақшасы алып тасталсын.</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Кез келген прокурордың мемлекеттік органдардың актілерін тоқтата тұру жөніндегі кең дискрециялық өкілеттіктері қайтымсыз салдарға әкелуі мүмкін, оның ішінде мемлекеттік басқару жүйесіне дезорганизация енгізуі мүмкін.</p> <p>Мысалы, әр прокурордың ОМО актілерін тоқтата тұруға құқығы жоқ (мысалы, құқық қорғау органдары академиясының оқытушылары прокурорлар деп танылады).</p> <p>Сонымен қатар, аудандық прокурордың республикалық деңгейдегі лауазымды тұлғалардың актілері мен іс-әрекеттерін тоқтата тұруға құқығы жоқ.</p>	Қабылданды

38.	Жобаның 10-бабы 1-тармағының 17) тармақшасы	10-бап. Прокурордың өкілеттіктері 1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес: ... 17) қылмыстық-атқару жүйесі органдарының сотталғандарды басқа мекемеге ауыстыру туралы актілерін қарауға;	Жобаның 10-бабы 1-тармағының 17) тармақшасы «қылмыстық-атқару» деген сөздердің алдынан «Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес» деген сөздермен толықтырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Прокурордың қылмыстық-атқару заңнамасы саласындағы өкілеттіктері ҚАК-мен реттелген. Осыған байланысты мұндай өкілеттіктер тиісті Кодексте көрсетілуге тиіс, бірақ бұл жобада емес, онда прокурорлардың қылмыстық-атқару заңнамасы саласынан тыс өкілеттіктері белгіленеді.	Қабылданды
39.	Жобаның 10-бабы 1-тармағының 18) тармақшасы	10-бап. Прокурордың өкілеттіктері 1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес: ... 18) тергеу органдарының күдікті адамдарға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтінішхаттарын қарауға құқылы;	Жобаның 10-бабы 1-тармағының 18) тармақшасы «тергеу» деген сөздің алдынан «Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес» деген сөздермен толықтырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Бұлтартпау шарасын таңдау мәселелерін ҚІЖК реттеді. Осыған байланысты мұндай өкілеттіктер қылмыстық іс жүргізу заңнамасы саласынан тыс прокурорлардың өкілеттіктері белгіленетін осы жобада емес тиісті Кодексте көрсетілуге тиіс,.	Қабылданды
40.	Жобаның 10-тармағы 1-тармағының 23) тармақшасы	10-бап. Прокурордың өкілеттіктері 1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес: ... 23) жедел-ізвестіру және қарсы барлау қызмет іс-шараларын, жасырын тергеу	Жобаның 10-бабы 1-тармағының 23) тармақшасындағы «заңда» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңнамасында» деген сөздермен ауыстырылсын;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы.	Қабылданды

		<p>әрекеттерін, оның ішінде байланыс желілерінде жүзеге асырудың заңдылығына тексерулер жүргізуге және оларға заңда белгіленген жағдайларда және тәртіппен санкция беруге;</p> <p>...</p>			
41.	<p>Жобаның 10-бабы 1-тармағының 24) тармақшасы</p>	<p>10-бап. Прокурордың өкілеттіктері</p> <p>1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес:</p> <p>...</p> <p>24) қадағалау жүргізу барысында заңда белгіленген жағдайларда жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізуге санкция беруге, арнайы жедел-іздістіру іс-шараларын жүзеге асырудың заңдылығына, оның ішінде байланыс желісіне тексеру жүргізуге міндетті;</p>	<p>Жобаның 10-бабы 1-тармағының 24) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«24) қадағалауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының жедел-іздістіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру барысында заңдылықты бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу мақсатында прокуратура органдарының мамандарын және өзге де мамандарды арнаулы техникалық құралдарды пайдалана отырып тартуға;».</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Прокурордың осы өкілеттіктері «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңның 25-бабында көрсетілген.</p>	<p>Қабылданды</p>
42.	<p>Жобаның 10-бабы 1-тармағының 28) тармақшасы</p>	<p>10-бап. Прокурордың өкілеттіктері</p> <p>1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес:</p> <p>...</p> <p>28) қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден</p>	<p>Жобаның 10-бабы 1-тармағының 28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«28) қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден қайтару мәселелері бойынша қылмыстық-құқықтық саладағы</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Прокурорларға қылмыстық процестен тыс шет мемлекеттерде мемлекеттің мүдделерін білдіру жөніндегі</p>	<p>Қабылданды</p>

		қайтару, оның ішінде қылмыстық процестен тыс мемлекеттің мүдделерін білдіру мәселелері бойынша қылмыстық-құқықтық саладағы халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіру;	халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметті үйлестіру;».	өкілеттіктер берілмейді. Мұндай өкілеттіктерді бірыңғай сыртқы саяси ведомство - Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады. Сонымен қатар, қылмыстық процестен тыс шетелде мемлекет мүдделерін білдіру құқығы екі жолмен түсіндірілуі мүмкін және прокуратура құзыретінен тыс салаларды қамтуы мүмкін.	
43.	Жобаның 10-бабы 1-тармағының 29) тармақшасы	10-бап. Прокурордың өкілеттіктері 1. Прокурор өз құзыретіне сәйкес: ... 29) қылмыстық істер бойынша адамдарды ұстап беру, өзара құқықтық көмек көрсету туралы, сотталғандарды не психикасының бұзылуынан (ауруынан) зардап шегуші адамдарды беру туралы халықаралық шарттарды, сондай-ақ олармен байланысты құқықтық актілерді орындауға, прокуратура органдарының құзыретіне жататын өзге де халықаралық шарттарды келісуге;	Жобаның 10-бабы 1-тармағының 29) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «29) адамдарды ұстап беру, қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету, сотталғандарды не психикалық бұзушылықтары (ауруы) бар адамдарды беру туралы халықаралық шарттарды, сондай-ақ олармен байланысты құқықтық актілерді орындауға, прокуратура органдарының құзыретіне жататын қылмыстық-құқықтық саладағы халықаралық шарттардың жобаларын келісуге;».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Жобаның 6-бабының 4) тармақшасына сәйкес келтіру.	Қабылданды
44.	Жобаның 10-бабы 1-тармағы-	10-бап. Прокурордың өкілеттіктері 1. Прокурор өз құзыретіне	Жобаның 10-бабы 1-тармағының 31) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті	Қабылданды

	ның 31) тармақшасы	сәйкес: ... 31) осы Конституциялық Заңда және өзге де заңдарда көзделген өзге де әрекеттерді орындауға міндетті.	«31) осы Конституциялық заңда және өзге де заңдарда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға міндетті.».	Прокурордың құқықтарында әрекеттері емес, тек құқықтары ғана айқындау қажет.	
45.	Жобаның 10-бабы 2-тарамығының 4) тармақшасы	10-бап. Прокурордың өкілеттіктері ... 2. Прокурор міндетті: ... 4) мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнаманың талаптарын сақтай отырып, өз қызметін жүзеге асыру барысында алынған құжаттардың, мәліметтердің және өзге де ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті;	Жобаның 10-бабы 2-тармағының 4) тармақшасындағы «мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнаманың» деген сөздер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының» деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы.	Қабылданды
80.	<p>Жобаның 25-бабы 1-тармағының бірінші</p>	<p>25-бап. Прокуратура органдарының шешімдеріне, актілеріне және лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды</p>	<p>Жобаның 25-бабы 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«1. Прокуратураның шешімдеріне, актілеріне не</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>ӘРПК-ның 92-бабында белгіленгеншағымдану</p>	Қабылданды

	бөлігі	сотқа дейін реттеу 1. Прокуратура шешімдеріне, актілеріне не прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым шешім қабылданған немесе әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей прокуратура органдарына беріледі және оны жоғары тұрған прокурор қарайды.	прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым шешімнің, актінің қабылданғаны немесе әрекеттің жасалғаны (әрекетсіздік) туралы адамға белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей прокуратура органдарына беріледі және оны жоғары тұрған прокурор қарайды.».	мерзімдеріне ұқсас: «Әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағымәкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік актіні қабылдау немесе әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) жасау белгілі болған күннен бастап әкімшілік органға, лауазымды адамға үш айдан кешіктірмей беріледі.».	
81.	Жобаның 25-бабының 1-тармағы	25-бап. Прокуратура органдарының шешімдеріне, актілеріне және лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды сотқа дейін реттеу 1. Прокуратура шешімдеріне, актілеріне не прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым шешім қабылданған немесе әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей прокуратура органдарына беріледі және оны жоғары тұрған прокурор қарайды. Мұндай шағымды қарау мерзімі жиырма жұмыс күнін құрайды. Шағымдану мерзімін дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда, егер Қазақстан	25-бапта: 1-тармақта: екінші бөліктегі « Мұндай шағымды » деген сөздер « Шағымды » деген сөзбен ауыстырылсын; үшінші бөліктегі « бұл » деген сөз алып тасталсын;	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Редакциялық нақтылау. Редакциялық нақтылау.	Қабылданды

		Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шағым берген адамның өтінішхаты бойынша бұл мерзімді шағымды қарайтын прокуратура органы қалпына келтіруі мүмкін.			
82.	Жобаның 25-бабының 2-тармағы	25-бап. Прокуратура органдарының шешімдеріне, актілеріне және лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды сотқа дейін реттеу ... 2. Шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарау нәтижелері прокурордың шешіміне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте көзделген тәртіппен сотқа шағым жасау үшін негіз болып табылады.	25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «2. Шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарау нәтижелері прокурордың шешіміне, актісіне және әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен сотқа шағым жасау үшін негіз болып табылады.».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті ӘРПК-нің 92-бабында белгіленген шағымдану мерзімдеріне ұқсас: «Әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым әкімшілік органға, лауазымды адамға әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік актінің қабылданғаны немесе әкімшілік әрекеттің (әрекетсіздіктің) жасалғаны туралы белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей беріледі». Заң техникасы.	Қабылданды
83.	Жобаның 25-бабының 3-тармағы	25-бап. Прокуратура органдарының шешімдеріне, актілеріне және лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды сотқа дейін реттеу ...	Жобаның 25-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «3. Осы баптың 1-тармағының талаптары қарау тәртібі Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы.	Қабылданды

		<p>3. Осы баптың 1-тармағының талаптары қарау тәртібі қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, қылмыстық-атқару заңнамасында, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, қарсы барлау және жедел-ізвестіру қызметі салаларындағы заңнамаларда белгіленген шағымдарға қолданылмайды.</p>	<p>заңнамасында, азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының қарсы барлау және жедел-ізвестіру қызметі салаларындағы заңнамасында белгіленген шағымдарға қолданылмайды.».</p>		
84.	<p>Жобаның 26-бабының 1 және 3-тармақтары</p>	<p>26-бап. Прокурор қызметінің құқықтық кепілдіктері</p> <p>1. Прокурордың өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі жасау немесе оның заңсыз шешім қабылдауы мақсатында оған қандай да бір нысанда ықпал ету заңдарда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.</p> <p>...</p> <p>3. Жүргізіліп жатқан тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді және қаралып отырған өтініштерді бағалау мәселелері бойынша органдар, мекемелер, ұйымдар мен лауазымды адамдар прокурордың талап етуі бойынша органдар,</p>	<p>Жобаның 26-бабында: 1-тармақтағы «заңдарда» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңдарында» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>3-тармақта: бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: «3. Заңдылықтың сақталуына жүргізілетін тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау және қаралатын жолданымдар мәселелері бойынша мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заң техникасы.</p> <p>Заң жобасының 18-бабына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң жобасының 6-бабы 1) тармақшасының бірінші абзацына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң техникасы.</p> <p>Заң техникасы.</p>	<p>Қабылданды</p>

		<p>мекемелер, ұйымдар мен лауазымды адамдар мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге заңда белгіленген талаптар мен шектеулерді сақтай отырып, прокурор белгілеген мерзімде, бірақ кемінде үш жұмыс күні ішінде жүргізілетін тексеру мәселелері бойынша қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды беруге міндетті.</p> <p>Прокурор мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін заңда белгіленген жауаптылықта болады.</p> <p>...</p>	<p>лауазымды адамдары, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар прокурордың талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік құпияларды, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге белгіленген талаптарды сақтай отырып, прокурор белгілеген, бірақ үш жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімде қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды беруге міндетті.»;</p> <p>екінші бөліктегі «заңда белгіленген» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>		
85.	Жобаның 26-бабының 4-тармағы	<p>26-бап. Прокурор қызметінің құқықтық кепілдіктері</p> <p>...</p> <p>4. Қажет болған жағдайларда, адам өмірі, денсаулығы, қоғам мен мемлекет мүдделері үшін орны толмас салдарды, заңдылық пен құқық тәртібін жаппай бұзуды, өңірдің әлеуметтік-</p>	<p>Жобаның 26-бабының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«4. Адам өмірі, денсаулығы, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің заңды мүдделері, қоғам мен мемлекет мүдделері үшін орны толмас салдарды, заңдылық пен құқықтық тәртіптің жаппай</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>«Қажет болған жағдайда» деген сөздерді алып тастау ұсынылады, өйткені оларды прокуратура органдары кеңінен түсіндіре алады.</p> <p>Прокурор үшін қажетті кез-келген жағдайда құжаттар мен</p>	Қабылданды

		экономикалық тұрақтылығына не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатер төндіруді болғызбау мақсатында сұратылған ақпарат, құжаттар және өзге де материалдар дереу ұсынылады.	бұзылуын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына не Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне төнетін қатерді болғызбау мақсатында сұратылатын ақпарат, құжаттар мен өзге де материалдар дереу беріледі.».	материалдарды талап ету мүмкіндігі бар, тек қоғам мен мемлекетке қауіп төндірмеу үшін ғана емес. Депутат Ғ.А. Елеуов Редакцияны нақтылау.	
86.	Жобаның 26-бабының жаңа 5-тармағы	26-бап. Прокурор қызметінің құқықтық кепілдіктері ... Жоқ	Мынадай мазмұндағы жаңа 5-тармақпен толықтырылсын: «5. Прокурордың талап етуі бойынша органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар тексеруге және қорытынды беруге қатысу үшін мамандар бөлуге міндетті.». <i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін</i>	Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ғ.А. Елеуов Норма жобаның 10-бабынан көшірілді, өйткені бұл құқық прокурор қызметінің құқықтық кепілі болып табылады және 45-баптың 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес келтірілген. Кестенің 2-позициясынан туындайды.	Қабыл-данды
87.	Жобаның 26-бабының 5 және 6-тармақтары	26-бап. Прокурор қызметінің құқықтық кепілдіктері ... 5. Прокурор өзінің іс жүргізуіндегі материалдардың, актілердің, сот істері мен өтініштердің мәні бойынша қандай да бір түсініктеме бермейді. Материалдарды танысу үшін біреуге беру	Жобаның 26-бабында: 5-тармақта: бірінші бөліктегі « заңдарда » деген сөз « Қазақстан Республикасының заңнамасында » деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөліктегі « тексерулер » деген сөз « заңдылықтың	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы. заң техникасы. Заң жобасының 18-бабына сәйкес келтіру.	Қабыл-данды

		<p>заңдарда көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.</p> <p>Іс жүргізуінде жатқан прокурордың рұқсатынсыз тексерулер мен істердің материалдарын жария етуге ешкімнің құқығы жоқ.</p> <p>6. Жүргізілген тексеру, заңдылығының жай-күйін талдау, қаралатын өтініштер шеңберінде прокурордың талап етуі бойынша жеке және лауазымды адамдар, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан органдардың, мекемелер мен ұйымдардың өзге де өкілдері түсініктемелер беру үшін келуге міндетті.</p>	<p>сақталуын тексеру» деген сөздермен ауыстырылсын; 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«6. Заңдылықтың сақталуына жүргізілетін тексеру, күшіне енген актілерді бағалау, қаралатын жолданымдар шеңберінде прокурордың талап етуі бойынша өзі белгілеген уақытта жеке және лауазымды адамдар, сондай-ақ мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мекемелердің, олардың лауазымды адамдарының, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдардың өзге де өкілдері түсініктемелер беру үшін келуге міндетті.».</p>	<p>Заң жобасының 18-бабына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң жобасының 6-бабы 1) тармақшасының бірінші абзацына сәйкес келтіру.</p>	
88.	<p>Жобаның 26-бабының жаңа 10-тармағы</p>	<p>26-бап. Прокурор қызметінің құқықтық кепілдіктері</p> <p>...</p> <p>10. Жеке және лауазымды адамдар, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан органдардың, мекемелер мен ұйымдардың өзге де өкілдері дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда, Бас Прокурордың,</p>	<p>Жобаның 26-бабының 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«10. Жеке және лауазымды адамдар, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, мекемелердің және меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың өзге де өкілдері дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда Бас Прокурордың, оның</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заң жобасының 5-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.</p> <p>Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ғ.А. Елеуов</p>	<p>Қабылданды</p>

		оның орынбасарларының, облыстық және оларға теңестірілген прокурорлардың, олардың орынбасарларының, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлардың уәжді қаулысы бойынша күштеп әкелінуі (мәжбүрлеп жеткізілуі) мүмкін.	орынбасарларының, ведомство және оның аумақтық органдары, әскери және көлік прокуратурасы органдары басшыларының, облыстар прокурорларының және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокурорлардың, олардың орынбасарларының, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлардың, олардың орынбасарларының уәжді қаулысы бойынша күштеп әкелінуі (мәжбүрлеп жеткізілуі) мүмкін.».	5-баптың 1-тармағына, 13-баптың 1, 3 және 4-тармақтарына және 14-баптың 1, 2 және 3-тармақтарына сәйкес келтірілді.	
89.	Жобаның 26-бабының 11, 12 және 14-тармақтары	26-бап. Прокурор қызметінің құқықтық кепілдіктері ... 11. Прокурордың күштеп әкелу туралы қаулысын ішкі істер органы орындайды. 12. Жетекті түнгі уақытта жүргізуге болмайды. ... 14. Прокурордың заңды талаптарын орындамау не прокурордың талап етуі	Жобаның 26-бабында: 11-тармақ «күштеп әкелу» деген сөзден кейін «(мәжбүрлеп жеткізу)» деген сөздермен толықтырылсын; 12-тармақтағы «Жетекті» деген сөз «Күштеп әкелу (мәжбүрлеп жеткізу)» деген сөздермен ауыстырылсын; 14-тармақтағы «заңдарда» деген сөз «Қазақстан	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң жобасының 26-бабының 10-тармағына сәйкес келтіру. Заң жобасының 26-бабының 10-тармағына сәйкес келтіру. Заң техникасы.	Қабылданды

		бойынша дәлелсіз себептермен келмей қалу заңдарда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.	Республикасы заңдарында» деген сөздермен ауыстырылсын.		
90.	Жобаның 27-бабының 1 және 2-тармақтары	27-бап. Прокуратура органдарының жауапкершілігі 1. Прокуратура қызметкерлері өз қызметін жүзеге асыру кезінде заңда белгіленген жауаптылықта болады. 2. Прокуратура органдарының қызметкерлері мен жұмыскерлері іс-әрекеттерімен келтірілген залал заңнамада көзделген тәртіппен өтеледі.	Жобаның 27-бабында: 1-тармақта: «Прокуратура қызметкерлері» деген сөздер «Прокурорлар» деген сөзбен ауыстырылсын; «заңда» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңдарында» деген сөздермен ауыстырылсын; 2-тармақта: «Прокуратура органдарының қызметкерлері мен жұмыскерлері» деген сөздер «Прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер» деген сөздермен ауыстырылсын; «заңнамада» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңнамасында» деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң жобасының 44-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру. Заң техникасы. Заң жобасының 44-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру. Заң техникасы.	Қабылданды
91.	Жобаның 28-бабының 1-тармағы	28-бап. Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру 1. Құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың	Жобаның 28-бабы 1-тармағының екінші сөйлемі «теңестірілген» деген сөзден кейін «(республикалық маңызы бар қалалардың және астананың)» деген сөздермен толықтырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң жобасының 5-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.	Қабылданды

		<p>зандылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді прокуратура органдары осы органдардың өзара іс-қимылын, өзара ақпарат алмасуды және ортақ міндеттерді іске асыру кезінде олардың іс-қимылдарын келісуді қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады. Прокуратура органдары көрсетілген қызметті Бас прокуратураның, Бас әскери және көлік прокуратураларының, облыстардың прокуратуралары мен оларға теңестірілген прокуратуралардың жанынан құрылатын тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру кеңестерінің шеңберінде жүзеге асырады.</p> <p>...</p>			
92.	<p>Жобаның 29-бабы 1-тармағының бірінші абзацы</p>	<p>29-бап. Прокуратураның адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі өзара іс-қимылы</p> <p>1. Адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау және</p>	<p>Жобаның 29-бабында: тақырыптағы «қорғау» деген сөз «қорғау және қалпына келтіру» деген сөздермен ауыстырылсын;</p> <p>1-тармақтың бірінші абзацындағы «заңмен» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңдарымен» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Прокуратураның міндеттері адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау және қалпына</p>	<p>Қабылданды</p>

		қалпына келтіру мақсатында прокуратура өзара іс-қимыл жасайды:		келтіру болып табылатынын көздейтін жобаның 4-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес келтіру мақсатында. Заң техникасы.	
93.	Жобаның 30-бабының 4-тармағы	30-бап. Прокуратура органдарындағы алқалар ... 1. Прокуратура органдарының жүйесінде алқалар құрылады.	Жобаның 30-бабының 1-тармағы « органдарының жүйесінде » деген сөздер « органдарында » деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Прокуратура органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, оған бағынысты ведомстволар, білім беру ұйымдары, әскери және көлік прокуратурасы, облыстар прокуратураларының және оларға теңестірілген прокуратуралар (республикалық маңызы бар қалалар мен Қазақстан Республикасы астанасының прокуратуралары), аудандық және оларға теңестірілген органдар (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған прокуратуралар) құрайтынын көздейтін жобаның 5-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру мақсатында. Алқалар прокуратура органдарының жүйесіне кірмейді.	Қабылданды

94.	Жобаның 30-бабының 4-тармағы	<p>30-бап. Прокуратура органдарындағы алқалар ...</p> <p>4. Алқаның шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады және прокуратура органдарының бағынысты қызметкерлері мен жұмыскерлері үшін міндетті болып табылады.</p>	<p>Жобаның 30-бабының 1-тармағы «прокуратура органдарының бағынысты қызметкерлері мен жұмыскерлері» деген сөздер «прокурорлар мен өзге де жұмыскерлер» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заң жобасының 44-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.</p>	Қабылданды
95.	Жобаның 31-бабының 1) тармақшасы	<p>31-бап. Заң шығару қызметіне қатысу</p> <p>Прокуратура органдары заңның үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында:</p> <p>1) өз құзыреті шегінде уәкілетті және өзге де мемлекеттік органдарға қолданыстағы заңнаманы оның қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің жаңа қажеттіліктеріне сәйкестігі тұрғысынан жетілдіру туралы ұсыныстар енгізеді;</p>	<p>Жобаның 31-бабының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«1) өз құзыреті шегінде уәкілетті және өзге де мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру туралы ұсыныстар енгізеді;».</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес келтіру мақсатында, онда нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылуын көздейтін оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.</p> <p>Артық регламенттеу. Заң техникасы.</p>	Қабылданды

96.	Жобаның 31-бабының 31) тармақшасы	31-бап. Заң шығару қызметіне қатысу Прокуратура органдары заңның үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында: ... 3) заң мен Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген норма шығару қызметінде өзге де функцияларды орындайды.	31-баптың 1-тармағының 3) тармақшадағы «заң мен» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңдарында және» деген сөздермен ауыстырылсын.	Депутат Ғ.А. Елеуов Норма жасау практикасы. Заң техникасы.	Қабыл- данды
97.	Жобаның 32-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы	32-бап. Прокуратура актілерінің жүйесі ... 2) прокурорлық ден қою актілері: қолдаухат, арыз (талап), өтініш, заңды бұзуға жол бермеу туралы түсіндірме; ...	Жобаның 32-бабы 1-тармағының 2) тармақшасындағы «заңды» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңдарын» деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы. Норманың құқықтық мазмұнын нақтылау мақсатында.	Қабыл- данды
98.	Жобаның 32-бабының 2-тармағы	32-бап. Прокуратура актілерінің жүйесі 1. Прокуратура актілерінің жүйесін мыналар: ... 2. Осы Конституциялық заңда белгіленген негізде, тәртіппен және шекте енгізілген прокурорлық қадағалау актілері олар жіберілген органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың қарауы, орындауы	32-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «2. Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері заңдылықтың сақталуына тексеру, заңдылықтың жай-күйіне талдау, күшіне енген актілерге бағалау жүргізу, жолданымдарды қарау және осы Конституциялық заңда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де	Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ж.Ә. Ахметбеков Б.А. Бекжанов Ғ.А. Елеуов М.С. Елюбаев А.М. Жамалов Ю.В. Жулин В.Г. Набиев Б.С. Оспанов А.Ә. Сарым	Қабыл- данды

		үшін міндетті.	функцияларды орындау нәтижелері бойынша енгізіледі және олар жіберілген органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың қарауы, орындауы үшін міндетті.».	Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері прокуратура органдарының жұмысындағы негізгі құралдар болып табылады. Мұндай актілер қадағалау нәтижелері бойынша (заңдылықтың сақталуын тексеру, заңдылықтың жай-күйін талдау, күшіне енген актілерді бағалау), сондай-ақ өзге де функцияларды жүзеге асыру қорытындылары бойынша (өтініштерді қарау, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, сотта мемлекет мүддесін білдіру және т.б.) енгізіледі. Заң жобасындағы олқылықты жою мақсатында қадағалау және ден қою актілерін енгізу жөніндегі құзырет жобасында тікелей регламенттеуді талап етеді.	
99.	Жобаның 32-бабының 4-тармағы	32-бап. Прокуратура актілерінің жүйесі ... 4. Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері енгізілгеннен кейін актіде көрсетілген бұзушылықтарды жасаған адамдарды тарту мерзімдері акт жіберілген күннен бастап тоқтатыла тұрады.	Жобаның 32-бабының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «4. Прокурорлық қадағалау және ден қою актілері енгізілгеннен кейін бұзушылық жасаған адамдарды жауаптылыққа тарту мерзімдері осы акт бойынша шешім қабылданғанға дейін Қазақстан Республикасының	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ғ.А. Елеуов Заң жобасының редакциясында адамдарды жауаптылыққа тарту мерзімдерін тоқтата тұру кезеңі	Қабыл-данды

			заңдарында айқындалатын тәртіппен тоқтатыла тұрады.».	<p>белгіленбеген.</p> <p>Сондай-ақ, қолданыстағы заңдарда басқа негіздер бойынша адамдарды тарту үшін ескіру мерзімін тоқтата тұру негіздері қарастырылған.</p> <p>Коллизияларды болғызбау үшін заңдарға сілтеме жасап, оларды реттеу ұсынылады.</p> <p>ӘҚБтК-не, Еңбек кодексіне, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңға түзетулер ілеспе заң жобаларына ұсынылды.</p>	
100.	Жобаның 33-бабының 2-тармағы	<p>33-бап. Наразылық ...</p> <p>2. Заңсыз акт, шешім қабылдаған органға, мекемеге, лауазымды немесе өзге де уәкілетті адамға немесе жоғары тұрған органға не жоғары тұрған лауазымды адамға наразылық келтіріледі. Органның, мекеменің, лауазымды немесе өзге де уәкілетті адамның заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық дәл осындай тәртіппен жасалады.</p>	<p>Жобаның 33-бабының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2. Наразылық заңсыз акт, шешім қабылдаған мемлекеттік органға, мекемеге, ұйымға, лауазымды немесе өзге де уәкілетті адамға немесе жоғары тұрған органға не жоғары тұрған лауазымды адамға келтіріледі. Мемлекеттік органның, мекеменің, ұйымның, лауазымды немесе өзге де уәкілетті адамның заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) наразылық дәл осындай тәртіппен білдіріледі.».</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заң жобасының мәтінін нақтылау және бірізділікке келтіру мақсатында. Мысалы 33-баптың 1-тармағы.</p>	Қабылданды

101.	Жобаның 33-бабының 5-тармағы	33-бап. Наразылық ... 5. Наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасарлары, Бас әскери және көлік прокурорлары , облыстық және оларға теңестірілген прокурорлар, аудандық және оларға теңестірілген мамандандырылған прокурорлар наразылық білдірілген құқықтық актінің не әрекеттің (әрекетсіздіктің) орындалуын тоқтата тұруға құқылы.	Жобаның 33-бабының 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «5. Наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін Бас Прокурор, Бас Прокурордың орынбасарлары, әскери және көлік прокуратуралары органдарының басшылары , облыстық және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокурорлар, аудандық және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлар наразылық білдірілген актінің не әрекеттің орындалуын тоқтата тұруға құқылы.».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Прокурорлар тізбесін нақтылау. Заң техникасы. Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ғ.А. Елеуов Заң жобасының 5-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.	Қабыл-данды
102.	Жобаның 33-бабының 6 және 7-тармақтары	33-бап. Наразылық ... 6. Заң актілері , Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Жоғары аудиторлық палатаның актілері (жүргізілген тексерулердің қорытындылары бойынша) прокурорлардың	Жобаның 33-бабында: 6-тармақтағы « Заң актілері » деген сөздер « Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері » деген сөздермен ауыстырылсын; 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «7. Заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру, сондай-ақ олардың орындалуын	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы. Заң техникасы.	Қабыл-данды

		<p>наразылық білдіруіне жатпайды.</p> <p>7. Заңды күшіне енген сот актілеріне наразылық келтіру, сондай-ақ олардың орындалуын тоқтата тұру негіздері, тәртібі, мерзімдері қылмыстық процестік, азаматтық процестік заңнамасында және әкімшілік құқық бұзушылық, әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамада айқындалады.</p>	<p>тоқтата тұру негіздері, тәртібі, мерзімдері Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында айқындалады.».</p>		
103.	Жобаның 34-бабы	<p>34-бап. Санкция</p> <p>1. Прокурор заңда белгіленген жағдайларда құқық шектеу сипатындағы жекелеген әрекеттерді жасауға, заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтер алуға санкция (келісім) береді.</p> <p>...</p>	34-бап. Санкция (келісім)	<p>Депутат Ғ.А. Елеуов</p> <p>Тақырыпты баптың мазмұнына сәйкес келтіру.</p>	Қабыл-данды
104.	Жобаның 34-бабының 3-тармағы	<p>34-бап. Санкция</p> <p>...</p> <p>3. Заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алуға байланысты жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын және жасырын тергеу іс-әрекеттерін қоспағанда, осы бапта көрсетілген іс-әрекеттерге</p>	<p>Жобаның 34-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«3. Жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын және заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді алуға байланысты жасырын тергеу әрекеттерін қоспағанда, осы бапта көрсетілген әрекеттерге санкция</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заң техникасы.</p> <p>Депутат Ғ.А. Елеуов</p> <p>Баптың бірізді стилистикасын сақтау және грамматикалық</p>	Қабыл-данды

		санкция (келісім) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамаға сәйкес электрондық цифрлық қолтаңба арқылы да куәландырылуы мүмкін.	(келісім) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңба арқылы да куәландырылуы мүмкін.».	түзету.	
105.	Жобаның 35-бабы 1-тармағының 8) тармақшасы	35-бап. Нұсқау 1. Прокурор: ... 8) заңда белгіленген өзге де жағдайлар бойынша жазбаша нұсқаулар береді. ...	Жобаның 35-бабы 1-тармағының 8) тармақшасындағы « заңда » деген сөз « Қазақстан Республикасының заңдарында » деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы.	Қабылданды
106.	Жобаның 36-бабының 1-тармағы	36-бап. Ұсыну 1. Прокурор өз құзыреті шегінде: ... 3) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қол сұғылмаушылық құқығы бар адамдарды одан айыру мәселелері бойынша; 4) заңда белгіленген өзге де жағдайларда ұсыну енгізеді. ...	Жобаның 36-бабының 1-тармағында: 3) тармақша алып тасталсын. 4) тармақшадағы « заңда » деген сөз « Қазақстан Республикасының заңдарында » деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң жобасының 9-бабының 20) тармақшасын қайталауды болғызбау. Заң техникасы. .	Қабылданды
107.	Жобаның 37-бабы 1-тармағының 1)	37-бап. Қаулы 1. Прокурор қаулы шығарады: 1) қылмыстық іс жүргізу	Жобаның 37-бабы 1-тармағының 1) тармақшасындағы « қылмыстық іс жүргізу заңнамасында, әкімшілік құқық	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы.	Қабылданды

	тармақшасы	заңнамасында, әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада көзделген жағдайларда; ...	бұзушылық туралы заңнамада» деген сөздер «Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында» деген сөздермен толықтырылсын.		
108.	Жобаның 37-бабы 1-тармағының 5) тармақшасы	37-бап. Қаулы 1. Прокурор қаулы шығарады: ... 5) құқықтық актінің қолданылуын тоқтата тұру туралы;	Жобаның 37-бабы 1-тармағының 5) тармақшасындағы «құқықтық» деген сөз алып тасталсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы.	Қабылданды
109.	Жобаның 37-бабының 1-тармағы	37-бап. Қаулы 1. Прокурор қаулы шығарады: ... 6) тексеру жүргізу туралы; ... 9) лауазымды және өзге де адамның актісін немесе әрекетін тексеру не өтінішті қарау аяқталғанға дейін үш жұмыс күніне дейін тоқтата тұру туралы; ... 12) заңдарда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады. ...	Жобаның 37-бабының 1-тармағында: 6) тармақша «тексеру» деген сөздің алдынан «заңдылықтың сақталуына» деген сөздермен толықтырылсын; 9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «9) лауазымды және өзге де адамның актісін немесе әрекетін үш жұмыс күніне дейін тоқтата тұру туралы;»; 12) тармақшадағы «заңдарда» деген сөз «Қазақстан Республикасының	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң жобасының 18-бабына сәйкес келтіру. Редакциялық түзету. Норманың шамадан тыс нақтылануын болғызбау мақсатында, өйткені 32-баптың 2-тармағында қадағалау және ден қою актілерін шығаруға қатысты нақтылау ұсынылады. Заң техникасы.	Қабылданды

			заңдарында» деген сөздермен ауыстырылсын.		
110.	Жобаның 38-бабы	38-бап. Өтінішхат Заңды күшіне енбеген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхатты прокурор Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік, азаматтық процестік заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық, әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізеді.	Жобаның 38-бабы мынадай редакцияда жазылсын: «38-бап. Өтінішхат Заңды күшіне енбеген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхатты прокурор Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізеді.».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы.	Қабылданды
111.	Жобаның 39-бабының 1-тармағы	39-бап. Арыз (талап) 1. Заңда белгіленген тәртіпте және негіздер бойынша прокурор арызбен (талап қоюмен) сотқа жүгінуге құқылы. ...	Жобаның 39-бабының 1-тармағындаағы « Заңда » деген сөз « Қазақстан Республикасының заңында » деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы.	Қабылданды
112.	Жобаның 40-бабының бірінші бөлігі	40-бап. Үндеу Бас Прокурор және оның орынбасарлары, Бас әскери және көлік прокурорлары , облыстардың прокурорлары	Жобаның 40-бабының бірінші бөлігіндегі « Бас әскери және көлік прокурорлары » деген сөздер « әскери және көлік прокуратура органдарының	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Әскери және көлік прокуратуралары	Қабылданды

		және оларға теңестірілген прокурорлар, аудандық және оларға теңестірілген өзге де прокурорлар заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ азамат пен адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға үндеу жасауға құқылы. ...	басшылары» деген сөздермен ауыстырылсын.	мамандандырылған прокуратуралар болып табылады. «Президент туралы» Конституциялық заңның 17-1-бабына сәйкес есеп беретін органдардың құрылымын Президент бекітеді. Осыған байланысты қандай да бір мамандандырылған прокуратураның құрылуы Президенттің айрықша құзыреті болып табылады. Өз кезегінде, прокуратура органдарының құрылымын Конституциялық заң деңгейінде бекіту Президенттің өзіне есеп беретін органдарға қатысты конституциялық өкілеттіктерін шектейді. Депутат Ғ.А. Елеуов Заң жобасының 5-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.	
113.	Жобаның 40-бабының бірінші бөлігі	40-бап. Үндеу Бас Прокурор және оның орынбасарлары, Бас әскери және көлік прокурорлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, аудандық және оларға теңестірілген өзге де	Жобаның 40-бабының бірінші бөлігіндегі «облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, аудандық және оларға теңестірілген өзге де прокурорлар» деген сөздер «облыстардың прокурорлары	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң жобасының 5-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.	Қабылданды

		<p>прокурорлар заңдылықты және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ азамат пен адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында лауазымды адамдарға, мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға үндеу жасауға құқылы.</p>	<p>және оларға теңестірілген (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) прокурорлар, аудандардың прокурорлары және оларға теңестірілген (қалалық, ауданаралық, сондай-ақ мамандандырылған) прокурорлар» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>		
114.	Жобаның 41-бабы	<p>41-бап. Заңды бұзуға жол бермеу туралы түсіндіру</p> <p>Құқық бұзушылықтардың профилактикасы, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында немесе дайындалып жатқан құқыққа қарсы әрекеттер туралы мәліметтер болған кезде прокурор жеке тұлғаларға және заңды тұлғалардың өкілдеріне заңды бұзуға жол берілмейтіні туралы жазбаша, ауызша не жария нысанда түсіндіреді және оларға заңда белгіленген жауаптылық туралы ескертеді.</p>	<p>Жобаның 41-бабында: «ауызша не жария» деген сөздер «немесе ауызша» деген сөздермен ауыстырылсын; «заңда» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңдарында» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заң техникасы.</p> <p>Депутат Ғ.А. Елеуов</p> <p>Прокурордың түсіндірудің жария нысаны тек жазбаша немесе ауызша болуы мүмкін. Заңның ережелерін ымдау тілі арқылы түсіндіретін прокурорды елестету қиын.</p>	Қабылданды

115.	Жобаның 42-бабының 1-тармағы	42-бап. Прокуратура актілерін жариялау 1. Бас Прокурордың азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңнаманың талаптары сақтала отырып, ресми жариялануға тиіс. ...	Жобаның 42-бабының 1-тармағындағы « мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңнаманың» деген сөздер « Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңнамасының» деген сөздермен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң техникасы.	Қабылданды
116.	Жобаның 42-бабының 2-тармағы	42-бап. Прокуратура актілерін жариялау ... 2. Өз қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету үшін прокуратура органдары органдар мен лауазымды адамдардың адамның және азаматтың конституциялық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтарын, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүдделерін бұзатын заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне прокуратура актілерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай алады.	Жобаның 42-бабының 2-тармағы «үшін» деген сөзден кейін « Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, » деген сөздермен толықтырылсын.	Депутат Ғ.А. Елеуов Құқық қолдану практикасындағы коллизияларды болғызбау үшін заңнамада белгіленген шектеулер тек Бас Прокурорға ғана емес (осы баптың 1-тармағында көрсетілгендей), барлық прокурорларға тең дәрежеде қатысты болуға тиіс.	Қабылданды
117.	Жобаның 43-бабы	43-бап. Прокурордың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен	Жобаның 43-бабында:	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті	Қабылданды

		<p>қадағалау актілеріне шағым жасау</p> <p>1. Прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және актілеріне жоғары тұрған прокурорға не сотқа осы Конституциялық Заңда және өзге де заңдарда белгіленген жағдайларда және тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.</p> <p>...</p>	<p>тақырыптағы «қадағалау» деген сөз алып тасталсын;</p> <p>1-тармақтағы «өзге де заңдарда» деген сөздер «Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>	<p>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 9-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің, оның бабының, тарауының, бөлігінің, бөлімінің, кіші бөлімінің және параграфының тақырыбы нормативтік құқықтық актінің өзінің, сондай-ақ тиісті бабының, тарауының, бөлігінің, бөлімінің, кіші бөлімінің және параграфының реттеу нысанасын көрсетуге тиіс.</p> <p>Заң техникасы.</p>	
118.	<p>Жобаның 43-бабының 2-тармағы</p>	<p>43-бап. Прокурордың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен қадағалау актілеріне шағым жасау</p> <p>...</p> <p>2. Прокурордың актілеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.</p> <p>Прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) немесе актілеріне шағым бойынша шешім шығарылғанға дейін сот не жоғары тұрған прокурор</p>	<p>Жобаның 43-бабының 2-тармағындағы «(әрекетсіздігіне)» деген сөз алып тасталсын.</p>	<p>Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ж.Ә. Ахметбеков Б.А. Бекжанов Ғ.А. Елеуов М.С. Елюбаев А.М. Жамалов Ю.В. Жулин В.Г. Набиев Б.С. Оспанов А.Ә. Сарым</p> <p>Қадағалау актілерінің түрлері бөлігінде жобаға сәйкес келтіру. Прокурорлық қадағалау</p>	Қабылданды

		олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.		актілерінің санаты бар (ұсыну, наразылық), олар бірінші кезекте қарауға жатады.	
119.	Жобаның 44-бабының 2-тармағы	44-бап. Прокуратура органдары кадрларының құрамы ... 2. Прокурор – прокуратура органдары жүйесіндегі қызметте тұрған, офицерлік құрамның сыныптық шені немесе әскери атағы берілген Қазақстан Республикасының азаматы.	Жобаның 44-бабының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «2. Прокуратура органдары жүйесіндегі қызметте тұрған, офицерлік құрамның сыныптық шені немесе әскери атағы берілген Қазақстан Республикасының азаматы прокурор болып табылады».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 7-тармағына сәйкес.	Қабылданды
120.	Жобаның 44-бабының 3-тармағы	44-бап. Прокуратура органдары кадрларының құрамы ... 3. Прокуратура органдарының өзге қызметкерлеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілер, қатардағы және сержанттық құрамның әскери қызметшілері, азаматтық қызметшілер және еңбек шарты бойынша қызметкерлер жатады. ...	Жобаның 44-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «3. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер, қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери қызметшілері, азаматтық қызметшілер өзге жұмыскерлерге жатады.».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Еңбек шарты бойынша қызметкерлер штаттан тыс болып табылады, яғни прокуратураның жалпы штат санына кірмейді. Олармен қарым-қатынас еңбек шартымен реттеледі. Заң жобасының 44-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.	Қабылданды

121.	Жобаның 44-бабының 6-тармағы	<p>44-бап. Прокуратура органдары кадрларының құрамы ...</p> <p>6. Әскери прокуратура органдарының, қатардағы және сержанттық құрамның әскери қызметшілері осы Конституциялық заңда көзделген ерекшеліктермен Қазақстан Республикасының әскери қызмет туралы заңнамасына сәйкес қызмет өткереді, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген мәртебеге ие болады, құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.</p>	Жобаның 44-бабының 6-тармағы « әскери қызмет » деген сөздерден кейін « және әскери қызметшілердің мәртебесі » деген сөздермен толықтырылсын.	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру.</p>	Қабылданды
122.	Жобаның 46-бабының 1 және 2-тармақтары	<p>46-бап. Прокуратура органдары кадрларының еңбегіне ақы төлеу және оларды зейнетақымен қамсыздандыру</p> <p>1. Прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабының 9-1) тармақшасында белгіленген тәртіппен бекітілетін бюджет есебінен қамтылатын органдар жұмыскерлерінің еңбегіне ақы</p>	Жобаның 46-бабында: тақырыптағы « Прокуратура органдары кадрларының » деген сөздер « Прокурорлардың және өзге де жұмыскерлердің » деген сөздермен ауыстырылсын; 1-тармақтағы « Прокуратура органдары » деген сөздер « Органдар » деген сөзбен ауыстырылсын; 2-тармақта: « Прокуратура органдарының	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Заң жобасының 44-бабының 1-тармағына және 46-бабына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң жобасының 44-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң жобасының 44-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.</p>	Қабылданды

		<p>төлеудің бірінғай жүйесі негізінде белгіленеді.</p> <p>2. Прокуратура органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектігіне байланысты және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.</p>	<p>қызметкерлерін» деген сөздер «Прокурорларды» деген сөзбен ауыстырылсын;</p> <p>«заңнамаға» деген сөз «Қазақстан Республикасының заңнамасына» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>	Заң техникасы.	
123.	Жобаның 47-бабының 1-тармағы	<p>47-бап. Қызметтік куәліктер және мөр</p> <p>1. Бас Прокурорға, Бас Прокурордың орынбасарларына, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің төрағасына белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктерді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі береді.</p>	<p>Жобаның 47-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«1. Бас Прокурорға, Бас Прокурордың орынбасарларына, прокуратура органдары ведомствосының басшысына белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктерді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі береді.».</p>	<p>Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті</p> <p>Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті Бас прокуратураның ведомствосы болып табылады.</p> <p>«Президент туралы» Конституциялық заңның 17-1-бабына сәйкес есеп беретін органдардың құрылымын Президент бекітеді.</p> <p>Осыған байланысты қандай да бір мамандандырылған прокуратураның құрылуы Президенттің айрықша құзыреті болып табылады.</p> <p>Өз кезегінде, прокуратура органдарының құрылымын Конституциялық заң деңгейінде</p>	Қабылданды

				бекіту Президенттің өзіне есеп беретін органдарға қатысты конституциялық өкілеттіктерін шектейді.	
124.	Жобаның 47-бабының 2-тармағы	47-бап. Қызметтік куәліктер және мөр ... 2. Бас Прокурор прокуратура органдарының басшылары бағынысты қызметкерлерге белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктер береді. ...	Жобаның 47-бабының 2-тармағындағы «қызметкерлерге» деген сөз «прокурорларға» деген сөзбен ауыстырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң жобасының 44-бабының 1-тармағына және 46-бабына сәйкес келтіру.	Қабылданды
125.	Жобаның 48-бабының 1-тармағы	48-бап. Осы Конституциялық заңды қолданысқа енгізу тәртібі 1. Осы Конституциялық заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. ...	Жобаның 48-бабының 1-тармағы «заң» деген сөзден кейін «, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 9-баптың 16) тармақшасын,» деген сөздермен толықтырылсын.	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабына сәйкес келтіру.	Қабылданды
126.	Жобаның 48-бабының 2-тармағы	48-бап. Осы Конституциялық заңды қолданысқа енгізу тәртібі 2. Осы Конституциялық заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң	Жобаның 48-бабы мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын: «2. Осы Конституциялық заңның 11-бабының 2-тармағы 3) тармақшасының қолданысы 2023 жылғы 1 қаңтарға дейінгі	Депутаттар Г.Қ. Бижанова Ж.Ә. Ахметбеков Б.А. Бекжанов Ғ.А. Елеуов М.С. Елюбаев А.М. Жамалов	Қабылданды

		<p>қолданысқа енгізіледі. 3. «Прокуратура туралы» 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын.</p>	<p>кезеңде тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін: «3) қылмыстық істерді тергеп-тексеру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау және қадағалау нысандарын тіркеу және есепке алу процестеріне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ендіруді;».</p>	<p>Ю.В. Жулин В.Г. Набиев Б.С. Оспанов А.Ә. Сарым</p> <p>Редакцияны нақтылау.</p> <p>2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Кәсіпкерлік кодекстің 137-бабының жаңа редакцияда енгізілуіне байланысты.</p>	
			<p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін</i></p>		

Заң жобасының мәтіні «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтірілсін.

Комитет төрағасы

А. Қожахметов



Дүрсіз: Құжаттамашен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Майғ Н. Шайынтаев.